

«ESIL UNIVERSITY» MEKEMECI



«Бизнес және басқару» факультеті
«Қаржы» кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»

«ESIL UNIVERSITY»

МЕКЕМЕСІ РЕКТОРЫ

А.А.Таубаев

2026 ж.



8D04107 - Бизнес және басқару - «Қаржы» ББ
бойынша докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары

Астана 2026

«Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және 8D04107 – Бизнес және басқару бағытының «Қаржы» білім беру бағдарламасының модульдік білім беру бағдарламалары негізінде әзірленді.

Докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары «Қаржы» кафедрасының отырысында қарастырылып, талқыланды.

№ 8 хаттама, « 16 » 03 2026 ж.

Кафедра меңгерушісі



Лукпанова Ж.О.

8D04107 – «Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысымен келісілді.

ЖООКББ бөлімінің басшысы




Жоламан Г.Е.

Докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары «Бизнес және басқару» факультеті кеңесінің отырысында бекітілді.

№ 9 хаттама, « 16 » 04 2026 ж.

Төраға



Алина Г.Б.

Докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары «Esil University» мекемесінің Ғылыми - әдістемелік кеңесі келісілді.

№ 9 хаттама, « 20 » 04 2026 ж.

Төраға



Макыш С.Б.

Докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары «Esil University» мекемесінің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді.

№ 10 хаттама, « 28 » 04 2026 ж.

8D04107 – «Қаржы» білім беру бағдарламасына докторантураға түсушілерге арналған сұхбат сұрақтары

1. Докторантурада оқу үшін «Қаржы» білім беру бағдарламасын не себепті таңдадыңыз? Осы бағытпен қандай ғылыми және кәсіби мақсаттарды байланыстырасыз?

2. Сіздің ойыңызша, қазіргі қаржы жүйесінің қандай өзекті мәселелері ең алдымен ғылыми зерттеуді қажет етеді?

3. Өз ғылыми дайындығыңыз туралы айтып беріңіз: қаржы немесе экономика саласында қандай зерттеулеріңіз, жобаларыңыз немесе жариялапымдарыңыз бар?

4. Магистратурада оқу немесе кәсіби қызмет барысында қандай зерттеу тәжірибесін жинақтадыңыз?

5. Қаржылық процестерді зерттеуде қандай ғылыми зерттеу әдістерін ең тиімді деп санайсыз және не себепті?

6. Деректерді талдаудың сандық әдістерімен (эконометрика, статистикалық модельдеу, қаржылық талдау) жұмыс істеу тәжірибеңіз бар ма? Мысал келтіріңіз.

7. Қазіргі таңда қаржылық зерттеулерде қандай заманауи цифрлық технологиялар мен аналитикалық құралдар қолданылады?

8. Қаржы саласындағы ғылыми еңбектері Сізге үлкен әсер еткен отандық және шетелдік зерттеушілерді атаңыз. Олардың қандай идеялары Сізге жақын?

9. Алдағы жылдары қаржы ғылымының қандай бағыттарын зерттеу үшін ең перспективалы деп санайсыз?

10. Қандай докторлық зерттеу тақырыбын қарастырып жүреіз және оның ғылыми жаңалығы неде?

11. Болашақ зерттеуіңіздің нәтижелерінің практикалық маңыздылығын қалай қамтамасыз етуді жоспарлайсыз?

12. Ғылыми жұмысыңызда қандай деректер көздері мен ақпараттық ресурстарды пайдалануды жоспарлайсыз?

13. Қаржылық зерттеулер жүргізу барысында қандай мәселелер туындауы мүмкін және оларды қандай жолдармен шешуге болады?

14. Қаржы саласындағы зерттеулерде пәнаралық тәсілдің ролін қалай бағалайсыз?

15. Қаржы саласындағы докторантураны аяқтағаннан кейін өзіңіздің кәсіби және ғылыми дамуыңызды қалай елестетесіз?

16. Қазіргі жаһандық қаржылық сын-қатерлердің (инфляция, цифрлық валюталар, тұрақты даму, қаржылық дағдарыстар және т.б.) қайсысы Сіз үшін зерттеу тұрғысынан аса қызықты?

17. Мемлекеттік қаржы саясатының ел экономикасының дамуына әсерін қалай бағалайсыз? Осы тақырыптың қандай аспектілерін зерттегіңіз келеді?

18. Ғылыми конференцияларға қатысу, мақалалар жариялау немесе аналитикалық материалдар дайындау тәжірибеңіз бар ма? Қай нәтижені ең маңызды деп санайсыз?

19. Қаржы саласындағы заманауи зерттеулерді зерделеу үшін қандай халықаралық ғылыми деректер базаларын, журналдар мен әдебиет көздерін пайдаланасыз?

20. Болашақ зерттеуіңіздің нәтижелері қаржы ұйымдарының, бизнестің немесе мемлекеттік сектордың қызметінде қалай қолданылуы мүмкін?